

Көшеге атау беру туралы

Қызылорда облысы Сырдария ауданы Тереңөзек кенті әкімінің 2016 жылғы 15 наурыздағы № 20 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 сәуірде № 5490 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 12 желтоқсандағы № 4 қорытындысына сәйкес Тереңөзек кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тереңөзек кентінің атауы жоқ көшесіне "Бақтияр Жақыпов" есімі берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тереңөзек кенті әкімінің орынбасары Е.Бахтияровқа жүктелсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тереңөзек кентінің әкімі

Ж. Сыздықов